



Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы шекаралық өткел туралы келісімнің жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 18 қыркүйек N 133-ө

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасында шекаралық өткел туралы келісімнің жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыстың тиімділігін жақсарту мақсатында:

1. Мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Кәрібжанов - Қазақстан Республикасының Көлік,
Қайрат Сәлімұлы коммуникациялар және туризм вице-министрі,
жетекші

Смирнов - Қазақстан Республикасының Сыртқы
Анатолий Владимирович істер вице-министрі

Котлов - Қазақстан Республикасының Әділет
Андрей Николаевич министрлігі Зандар және халықаралық
құқық департаментінің директоры

Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Иван Иванович вице-министрі

Берқалиев - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Құсайын Иманғалиұлы қауіпсіздік комитеті Шекаралық қызмет
директорының бірінші орынбасары - Бас
штабының бастығы (келісім бойынша)

Тильга - Қазақстан Республикасы Экономикалық
Андрей Константинович жоспарлау жөніндегі агенттігінің
Мемлекеттік инвестициялар
бағдарламасын жоспарлау басқармасы
бастығының орынбасары

2. Жұмыс тобы 1999 жылғы 10 қазанға дейінгі мерзімде
Премьер-Министрдің Кеңесіне Қазақстан Республикасы мен Қырғыз
Республикасының арасындағы шекаралық өткел туралы келісімнің әзірленген
жобасын ұсынсын.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.